

«FANTA PARK» ЖАРНАМА НАУҚАНЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ
БАРШАҒА ОРТАҚ ЖАРИЯ ОФЕРТА
Қазақстан Республикасы

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «FANTA PARK» жарнама науқанын өткізудің осы Ережелері (әрі қарай – «Ережелер») «FANTA PARK» жарнама науқанын (әрі қарай – «Акция») өткізудің тәртібін, мерзімін және шарттарын, Қатысушыларға қатысты талаптар мен Акцияға қатысу тәртібін, Жеңімпаздарды анықтау және Жүлделерді табыстау барысын анықтап белгілейді.

1.2. Акцияны өткізуге тапсырыс беруші:

«Кока-Кола Қазақстан» ЖШС

БИН: 201040023568

Заңды мекен-жайы:

Қазақстан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 240Г, пошта индексі 050059

Әрі қарай – «Компания» және/немесе «Тапсырыс беруші».

1.3 Науқанды ұйымдастырушы:

«Kogi advertising agency» ЖШС

БИН: 180740018469

Заңды мекен-жайы:

Қазақстан, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Ә. Шәріпов көшесі, 92 үй.

Әрі қарай – «Ұйымдастырушы».

1.4. Ұйымдастырушы Компанияның тапсырысы бойынша аталған Акцияны ұйымдастырып, өткізеді, оның ішінде Fanta Park промо-аймақтарының жұмысын ұйымдастыруды, қатысу шарттарының сақталуын тексеруді, Қатысушылардың тізімін жасап, әлеуетті Жеңімпаздарды анықтау рәсімін жүргізуді, әлеуетті Жеңімпаздарды тексеріп, Жеңімпаздармен қарым-қатынас орнатуды, Жүлделерді сатып алуды және ұсынуды, Жүлделерді табыстау барысын құжаттап, рәсімдеуді, сондай-ақ Жүлделерді табыстау аясында туындайтын тиісті салық міндеттемелерін орындауды жүзеге асырады.

1.5. Акция тұтынушылардың назарын Fanta бренді мен өнімдеріне аударып, брендтің танымалдылығын арттыру, сондай-ақ тұтынушылардың брендпен және оның жарнамалық белсенділігімен өзара қарым-қатынасын нығайтуды ынталандыру мақсатында өткізіліп отыр.

1.6. Акция Қазақстан Республикасы заңнамасына сай және осы Ережелерге сәйкес етіп өткізіледі.

1.7. Акцияға қатысу толығымен ерікті негізде және тегін. Акцияға қатысу үшін өнім сатып алу қажеттілігі жоқ.

1.8. Акция лотерея, құмар ойын не бәс тігу болып табылмайды. Қатысушылар Акцияға қатысу мүмкіндігіне ие болу үшін төлем жасамайды.

1.9. Қатысушының осы Ережелерде көрсетілген әрекеттерді орындауы – Қатысушы осы Ережелермен танысып, оларды толығымен орындауға келісім бергенін білдіреді.

1.10. Қатысушы Акцияға қатысардың алдында осы Ережелермен өз бетімен танысып шығуға міндетті.

1.11. Акцияға қатыса отырып Қатысушы Акцияны өткізу тәртібін, Жеңімпаздарды анықтау шарттарын және Жүлделерді табыстау тәртібін түсінетінін мойындайды.

2. АКЦИЯНЫ ӨТКІЗУ АУМАҒЫ, ЛОКАЦИЯЛАР ЖӘНЕ АКЦИЯНЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ

2.1. Акция Қазақстан Республикасы аумағында, Алматы және Астана қалаларындағы **Fanta Park** промо-аймақтары аясында өткізіледі.

2.2. Акцияны өткізу локациялары:

Алматы қаласында

Fanta Park

Мекен-жайы: «Арбат» аумағы – Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Жібек Жолы және К. Байсейітова көшелерінің қиылысы.

Астана қаласында

Fanta Park

Мекен-жайы: Астанадағы Мәдениет және Демалыс Саябағы аумағы, Нұра ауданы – Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Тұран көшесі мен Қабанбай Батыр даңғылы аралығындағы саябақ.

Жоғарыда көрсетілген орындардың екеуі де әрі қарай **«Fanta Park Локациялары»** деп аталады.

2.3. Fanta Park промо-аймақтары төменде көрсетілген күндері жұмыс істейді:

- 2026 жылдың 14 тамызында;
- 2026 жылдың 15 тамызында;
- 2026 жылдың 16 тамызында;
- 2026 жылдың 21 тамызында;
- 2026 жылдың 22 тамызында;
- 2026 жылдың 23 тамызында.

2.4. Жоғарыда көрсетілген күндердің бәрінде де промо-аймақтардың жұмысы жергілікті уақыт бойынша сағат **17:00-ден 23:00-ге** дейін созылады.

2.5. Акцияға қатысу мүмкіндігін беретін фотосурет, осы Ережелердің 2.2. тармақшасында көрсетілген Fanta Park Локацияларының бірінде, тиісті промо-аймақтар жұмыс істеп тұрған кезеңде түсірілген болуы керек.

2.6. Қатысушы байқауға ұсынатын жазбасын Instagram-да 2026 жылдың 23 тамызында, **Астана уақыты бойынша сағат 23:59-дан** кешіктірмей жариялауы тиіс.

2.7. Көрсетілген мерзімнен кеш жарияланған жазбалар Жеңімпаздарды анықтау рәсіміне қатыстырылмайды.

2.8. Әлеуетті Жеңімпаздарды анықтау рәсімі **2026 жылдың 24 тамызында, Астана уақыты бойынша сағат 16:00-де** өткізіледі.

3. АКЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

3.1. Акцияға Қазақстан Республикасы аумағында тұрып жатқан және Акцияға қатысу кезінде 16 жасқа толған, осы Ережелердегі шарттарды толық орындаған жеке тұлғалар қатыса алады.

3.2. Егер әлеуетті Жеңімпаз 16-дан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған тұлға болса, онда Ұйымдастырушы Акцияға оның заңды өкілінің қатысуын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Жүлдені тиісті негізде рәсімдеп, табыстауда қажет етілетін құжаттарды ұсынуын және келісім беруін талап етуге құқылы.

3.3. Акцияға келесідей тұлғалар қатыстырылмайды:

- тапсырыс берушінің қызметкерлері;
- «Kogi advertising agency» ЖШС қызметкерлері;
- Акцияны тікелей ұйымдастырып, өткізуге қатысушы тұлғалар;

- осы акцияны өткізуге тікелей қатысы бар мердігер ұйымдар мен жарнама агенттіктерінің қызметкерлері;
- боттарды, жалған аккаунттарды, автоматтандырылған бағдарламаларды немесе өзге де қатысу барысында өзге де әділетсіз әдістер мен тетіктерді қолданатын тұлғалар.

3.4. Ұйымдастырушы әлеуетті Жеңімпаздан оның жеке басын, жасын және осы Ережелердің шарттарына сай екендігін растауды қажет ететін құжаттар мен мәліметтерді сұрауға құқылы.

4. АКЦИЯҒА ҚАТЫСУ МЕХАНИКАСЫ МЕН ШАРТТАРЫ

4.1. Акцияға қатысу үшін төменде көрсетілген **барлық** шарттарды түгел орындау қажет.

4.1.1. Instagram-дағы **fanta.kaz** парақшасына жазылу

Қатысушы Instagram әлеуметтік желісіндегі **fanta.kaz** ресми парақшасына жазылуы керек. Жазылым Ұйымдастырушы тарапынан Акция нәтижелерін тексеру рәсімі аяқталғанға дейін сақталуы тиіс.

4.1.2. **Fanta Park** Локацияларында суретке түсу

Қатысушы белгіленген күндердің бірінде және промо-аймақтардың жұмыс уақытында, осы Ережелердің 2.2. тармақшасында көрсетілген Алматыдағы немесе Астанадағы Fanta Park Локацияларының біріне келіп, тиісті Fanta Park Локациясы аумағында фотосурет түсіруі керек.

4.1.2. Фотосуретті Instagram-да жариялау

Қатысушы Fanta Park Локациясы аумағында түсірілген фотосуретін өзінің Instagram профилінде жазба түрінде жариялап, міндетті түрде тиісті қалаға сай хештег көрсетуі керек:

Алматы үшін – #Fanta_ala

Астана үшін – #Fanta_ast

4.2. Хештег фотосурет түсірілген қалаға сәйкес болуы тиіс.

4.3. Қатысушының Instagram профилі байқау жазбасы жарияланған сәттен бастап, Жеңімпаздар анықталып, тексерілгенге дейін **ашық (жалпыға қолжетімді)** болуы тиіс.

4.4. Егер Қатысушының профилі жабық болса және Ұйымдастырушының байқау жазбасын қарауға немесе Акция шарттарының сақталуын тексеруге объективті мүмкіндігі болмаса, онда Қатысушы Жеңімпазды анықтау рәсіміне қатыстырылмайды.

4.5. Акция нәтижелерін тексеру рәсімі аяқталғанға дейін байқау жазбасын өшіруге, жоюға, жасыруға, мұрағаттауға немесе Ұйымдастырушы үшін басқа да бір жолдармен қолжетімсіз етуге болмайды.

4.6. Міндетті хештегтің болмауы немесе оның қате жазылуы жазбаны Жеңімпаздарды анықтау рәсіміне қатыстырмауға негіз деп есептеледі.

4.7. Жеңімпаздарды анықтау рәсіміне тек барлық міндетті шарттарды бір мезгілде орындаған Қатысушылар ғана қатыса алады, яғни:

1. Instagram@fanta.kaz парақшасына жазылған;
2. тиісті Fanta Park Локациясында фотосурет түсірген;
3. фотосуретті Instagram-да жарылаған;
4. тиісті қалаға сай хештег қолданған;
5. Instagram-дағы профилін тексеруге ашық етіп сақтаған.

4.8. Шарттардың бір бөлігін ғана орындау – Жеңімпаздарды анықтау рәсіміне қатысу құқын бермейді.

4.9. Акцияда бір Қатысушы тек бір Instagram аккаунтын қолданып қана қатыса алады.

4.10. Бір Қатысушының бірнеше фотосурет немесе жазба жариялауы **оның Жүлде ұтып алу мүмкіндігін арттырмайды.**

Әлеуетті Жеңімпаздарды кездейсоқ анықтау тізіміне әрбір Қатысушы тек бір рет қана енгізіледі.

4.11. Қосымша мүмкіндіктер алу мақсатында бір тұлғаға бірнеше Instagram аккаунтын пайдалануға тыйым салынады.

4.12. Шарттар мен тәртіптерді осы сынды орындамау, Ережелерді бұзу жайттары анықталған жағдайда, Ұйымдастырушы мұндай Қатысушымен байланысты барлық аккаунттарды Акциядан шеттетуге құқылы.

5. БАЙҚАУ ЖАЗБАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАЛАПТАР

5.1. Фотосуретті жариялай отырып, Қатысушы өз жазбасына қатысты төмендегідей кепілдіктер беретінін растайды, яғни:

- жазба Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді;
- жазба үшінші тараптардың авторлық, сабақтас және өзге де құқықтарын бұзбайды;
- жазба үшінші тараптардың суреттік бейнесі мен жеке өмір құқын бұзбайды;
- жазбада заңнама негізінде тыйым салынған ақпараттар жоқ;
- жазбада порнографиялық, экстремистік, кемсітушілік немесе қорлайтын сипаттағы материалдар жоқ;
- жазба зорлық-зомбылыққа немесе басқа да заңсыз әрекеттерге шақырмайды.

5.2. Егер фотосуретте үшінші тұлғалар қамтылған болса, онда оларды суретке түсіруге және олардың кескін-бейнесін жариялауға қажет тиісті келісім-рұқсаттардың болуына Қатысушы тікелей өзі жауапты.

5.3. Ұйымдастырушы осы Ережелерді, Қазақстан Республикасының заңдарын, үшінші тараптардың құқықтарын бұзатын немесе Тапсырыс берушінің, Ұйымдастырушының не Fanta брендінің іскерлік беделіне нұқсан келтіруі мүмкін жазбаларды Акцияға қатыстырмауға құқылы.

6. ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

6.1. Тапсырыс берушінің Акция өткізу жөніндегі тапсырысы бойынша Ұйымдастырушы ретіндегі өз міндеттерін атқару аясында **«Kogi advertising agency» ЖШС Акцияның жүлде қорын өз қаражатына сатып алады.**

6.2. Акция аясында төмендегідей Жұлделер ұтысқа түседі:

1 орын – ASUS TUF Gaming ойын ноутбугы 1 (бір) дана.

2 орын – PlayStation 5 ойынға арналған консолі – 1 (бір) дана.

3 орын – Logitech G PRO X 2 ойынға арналған құлаққаптары – 1 (бір) дана.

6.3. Жұлделердің жалпы саны – **3 (үшеу).**

6.4. Барлық Жұлделерді Ұйымдастырушы өзі сатып алып, Жеңімпаздарға тарту етеді.

6.5. Жарнамалық, ақпараттық, көрнекі, баспа, digital форматтарда және Акцияның басқа да материалдарында ұсынылған Жұлделердің суреттері тек иллюстрациялық мақсаттарда ғана пайдаланылады.

6.6. Тарту етілетін Жұлденің шынайы сыртқы сипаты, моделі, модификациясы, түсі, дизайны, қаптамасы, құрамдас бөлшектері, техникалық және басқа да сипаттамалары жарнама материалдарында ұсынылған суреттер мен сипаттамалардан өзгеше болуы мүмкін.

6.7. Жұлденің нақты үлгісін немесе модификациясын ұсыну объективті түрде мүмкін болмаған жағдайда, Ұйымдастырушы тиісті Сыйлықты негізгі тұтынушылық сипаттамаларына және/немесе құнына сай салыстыруға болатын ұқсас мақсаттағы басқа Жұлдемен ауыстыруға құқылы.

6.8. Жеңімпаз жарнама материалдарында көрсетілген Жұлденің нақты түсін, модификациясын, конфигурациясын немесе басқа да сипаттамаларын талап етуге

құқылы емес, егер мұндай сипаттамалар осы Ережелерде тікелей көрсетіліп, кепіл етілмесе.

6.9. Жеңімпаздың талабы бойынша Жүлделерді ақша түріндегі баламаға айырбастау мүмкін емес.

6.10. Жеңімпаздың Жүлде құнын қолма-қол ақшамен төлеуді талап ету құқығы жоқ.

7. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

7.1. Әлеуетті Жеңімпаздарды анықтау **2026 жылдың 24 тамызында Астана уақыты бойынша сағат 16:00-де** жүргізіледі.

7.2. Әлеуетті Жеңімпаздарды анықтамас бұрын, Ұйымдастырушы осы Ережелердің барлық шарттарын орындаған Қатысушылардың тізімін жасайды.

7.3. Әлеуетті жеңімпаздар **электронды рандомайзер/кездейсоқ таңдау генераторын қолдану негізінде** кездейсоқ таңдалады.

7.4. Ұйымдастырушы әлеуетті Жеңімпаздарды кездейсоқ таңдау үшін пайдаланылатын техникалық қызметті немесе бағдарламалық жасақтаманы өз бетімен дербес анықтайды.

7.5. Жеңімпаздарды анықтауға жіберілген әрбір Қатысушының таңдалу мүмкіндігі бір рет әрі баршамен бірдей.

7.6. Рандомайзер қолдана отырып Жеңімпаздар төмендегідей кезекте анықталады:

1. 1-орынның әлеуетті Жеңімпазы;
2. 2-орынның әлеуетті Жеңімпазы;
3. 3-орынның әлеуетті Жеңімпазы.

7.7. Сонымен қатар, Жеңімпаз дисквалификацияға ұшырап, жеңімпаз құқынан айырылған, Жүлдеден бас тартқан не Жеңімпазбен байланысу мүмкіндігі болмаған, немесе негізгі әлеуетті Жеңімпаз осы Ережелердің талаптарына сай келмеген жағдайлардың орын алу ықтималдығын ескере отырып, Ұйымдастырушы кемінде 3 (үш) резервтік әлеуетті жеңімпазды анықтауға құқылы.

7.8. Рандомайзердің Instagram akkaунтын таңдау фактісі **Жүлделі болудың сөзсіз кепілі деген сөз емес.**

7.9. Кездейсоқ таңдаудан кейін Ұйымдастырушы әлеуетті Жеңімпаз Акцияның барлық шарттарын, соның ішінде төмендегі талаптардың толық орындағанын тексереді:

- fanta.kaz парақшасына жазылғанын;
- Instagram-дағы профиінің ашық болуын;
- байқауға қатысатын жазбаның болуын;
- тиісті хештегтің дұрыс қойылғанын;
- фотосуреттердің Fanta Park Локацияларына сай келуін;
- көрсетілген мерзімдерге сай болуын;
- бір тұлғаның бірнеше akkaунттан қатыспағанын;
- боттар мен басқа да манипуляциялық әдістердің қолданылмағанын;
- жас ерекшелігіне қатысты талаптар мен осы Ережелердегі басқа да шарттарға сай екендігін.

7.10. Егер әлеуетті Жеңімпаз кем дегенде бір міндетті шартқа сай келмесе, онда мұндай Қатысушының нәтижесі бірден жойылады, ал Ұйымдастырушы резервтегі келесі әлеуетті Жеңімпазды тексеруге кіріседі.

7.11. Ұйымдастырушы әлеуетті Жеңімпаздарды анықтау тәртібі мен нәтижелерін тіркеу барысында кездейсоқ іріктеу процедураларын видеоға жазып, фотоға түсіруге және/немесе скриншот жасауға құқылы.

8. НӘТИЖЕЛЕРДІ ЖАРИЯЛАУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРМЕН БАЙЛАНЫС ОРНАТУ

8.1. Акция нәтижелері әлеуетті Жеңімпаздарды тексеру аяқталғаннан кейін Instagram-дағы **fanta.kaz** парақшасында жариялануы мүмкін.

8.2. Ұйымдастырушы әлеуетті Жеңімпазбен Instagram-да жеке хабарлама жолдау және/немесе басқа да қолжетімді әдістер арқылы хабарласады.

8.3. Әлеуетті Жеңімпаз Ұйымдастырушыға оған хабарлама жіберілген күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде жауап беруге және қажетті деректер мен құжаттарды ұсынуға міндетті.

8.4. Егер әлеуетті Жеңімпаз:

- Ұйымдастырушыға белгіленген мерзімде жауап бермесе;
- Жүлдеден бас тартса;
- қажетті деректер мен құжаттарды ұсынбаса;
- осы Ережелердің талаптарына сай келмесе,

онда мұндай Қатысушы Жүлде иелену құқынан айырылады.

8.5. Мұндай жағдайда тиісті Жүлдеге ие болу құқы кездейсоқ таңдау тәртібі кезегімен резервтегі әлеуетті Жеңімпазға өтеді.

8.6. Ұйымдастырушы Instagram аккаунтының жүлдеден үміткер жеке тұлғаға тиесілі екендігін тексеру құқына ие.

9. ЖҮЛДЕ АЛУ ТӘРТІБІ

9.1. Жүлделерді табыстауды «**Kogi advertising agency**» ЖШС жүзеге асырады.

9.2. Жүлдеге ие болу үшін Жеңімпаз Ұйымдастырушыға – Жеңімпазды анықтап, сәйкестендіруге, Жүлдені табыстауды рәсімдеуге және Ұйымдастырушы тарапынан Қазақстан Республикасы заңнамасындағы талаптарды орындауға қажет етілетін деректер мен құжаттарды ұсынуға міндетті. Мұндай деректер мен құжаттардың қатарына мыналар жатқызылуы мүмкін:

- жеке басын куәландыратын құжат;
- ЖСН;
- тегі, есімі, әкесінің аты (егер бар болса);
- телефон номері;
- Instagram аккаунтына қатысты мәліметтер;
- Жүлдені табыстауды рәсімдеу үшін объективті түрде қажет етілетін өзге де деректер.

9.3. 16-дан 18 жасқа дейінгі Жеңімпаз үшін Ұйымдастырушы қосымша төмендегідей мәліметтерді талап етуге құқылы:

- ата-анасының, асырап алушысының, қамқоршысының немесес қорғаушысының жазбаша келісімі;
- заңды өкілінің жеке басын куәландыратын құжат;
- басқа да қажетті құжаттар.

9.4. Жүлдені табыстау барысында Жеңімпаз және/немесе оның заңды өкілі Жүлдені табыстау-қабылдап алу жөніндегі актіге және/немесе Жүлдені алғанын растайтын өзге де құжатқа қол қояды.

9.5. Жүлдені нақты табыстау күні, уақыты, әдісі жөнінде Жеңімпазға қосымша хабарланады.

9.6. Ұйымдастырушының жазбаша келісімінсіз Жүлдені алу құқын үшінші тұлғаға беруге болмайды.

9.7. Жеңімпаз сыйлықтан ерікті түрде бас тартқан жағдайда, оған ақшалай не басқа да өтемақы ұсынылмайды.

9.8. Егер Жеңімпаз қажетті деректерді немесе құжаттарды ұсынбаса, онда Ұйымдастырушы тиісті жағдай шешілгенге дейін Жүлдені табыстауды тоқтата тұруға құқылы.

10. ЖҮЛДЕЛЕРГЕ САЛЫҚ САЛУ

10.1. Жүлделерді «**Kogi advertising agency**» ЖШС сатып алып, Жеңімпаздарға табыстайды, сондықтан да Ұйымдастырушы Жүлделерді жеке тұлғаларға табыстауға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық міндеттерді толық орындайды.

10.2. Қазақстан Республикасының заңнамасы Ұйымдастырушыға Жеңімпаздың табысына қатысты салық агентінің міндеттерін жүктеген жағдайларда, «**Kogi advertising agency**» ЖШС заңнамада белгіленген тәртіппен салық агентінің тиісті міндеттерін толық орындайды.

10.3. Жеке табыс салығы және басқа да міндетті төлемдер, оларды есептеу, ұстап қалу және/немесе төлеу жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасымен Ұйымдастырушыға жүктеледі, оларды «**Kogi advertising agency**» ЖШС есептеп, төлем жасайды.

10.4. Жүлделерді табыстауға қатысты тиісті салықтарды төлеу міндеті заң жүзінде Ұйымдастырушыға жүктеліп отырғандықтан, тиісті салықтар мен міндетті төлемдердің шығыны «**Kogi advertising agency**» ЖШС-на жүктеледі.

10.5. Жеңімпаз Ұйымдастырушыға салықтарды төлеуге ақшалай қаражат аударуға міндетті емес: заңнамаға және осы Ережеге сәйкес салықтарды есептеп, төлеуге Ұйымдастырушы жауапты.

10.6. Ұйымдастырушы тиісті салық және есептілік міндеттемелерін заңға сәйкес дұрыс орындауы үшін Жеңімпаз Ұйымдастырушыға ЖСН және басқа да қажетті деректер мен құжаттарды ұсынуға міндетті.

10.7. Жүлдені табыстауды заңды түрде рәсімдеуге және салық міндеттемелерін толық орындауға қажет деректерді ұсынудан Жеңімпаз бас тартқан жағдайда бұл – Жүлдені табыстауды тоқта тұруға негіз болып табылады.

11. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

11.1. Қатысушылар мен Жеңімпаздардың дербес деректерін жинау және өңдеу Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

11.2. Акцияға қатыса отырып және егер ол әлеуетті Жеңімпаз болып анықталған жағдайда Ұйымдастырушыға өз дербес деректерін ұсына отырып Қатысушы Акция өткізу мақсаттарына қажет көлемде дербес деректерді ұсынуға және өңдеуге келісім береді деген сөз, егер мұндай келісім Қазақстан Республикасы заңнамасында талап етілген болса.

11.3. Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы тарапынан дербес деректер төмендегідей мақсаттарда өңделуі мүмкін:

- Акцияны ұйымдастырып, өткізу мақсатында;
- Қатысушылардың тізімін жасау мақсатында;
- Акцияға қатысу шарттарының орындалғанын тексеру мақсатында;
- Жеңімпаздарды анықтап, тексеру мақсатында;
- Жеңімпазбен байланыс орнату мақсатында;
- Жүлделерді рәсімдеп, табыстау мақсатында;
- салық және бухгалтерлік міндеттерді орындау мақсатында;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау мақсатында.

11.4. Қажетті көлемде төмендегідей деректер өңделуі мүмкін:

- тегі, есімі, әкесінің аты (егер бар болса);
- Instagram username;
- телефон номері;

- фотосурет;
- ЖСН;
- жеке басты куәландыратын құжат;
- алған Жүлдесі туралы мәліметтер;
- басқа да қажет деректер.

11.5. Дербес деректерді жинау және өңдеу, жалпыға қолжетімді дереккөздерде тарату, шекара арқылы тасымалдау, үшінші тұлғаларға табыстау тек Акцияны өткізуде алдын ала анықталған нақты және заңды мақсаттар үшін қажет етілетін көлемде ғана жүзеге асырылуы тиіс.

11.6. Қосымша заңдық негіздер немесе дербес деректер субъектісінің келісімі болмаса (егер осындай келісім талап етіліп жатса) дербес деректер Акцияны өткізуге және заңнама талаптарын орындауға қатысы жоқ мақсаттар үшін пайдаланылмайды.

11.7. Дербес деректерді сақтау және өңдеу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өңдеу мақсаттары мен құжаттарды міндетті түрде сақтау мерзімдері негізінде анықталады.

12. ФОТОСУРЕТТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

12.1. Қатысушы байқауға ұсынған фотосуретті тиісті хештегпен жариялай отырып оны жариялауға қажетті құжаттар мен келісімдерге ие екендігін растайды.

12.2. Қатысушы өзінің байқауға ұсынған жазбасын тек осы Акцияны қолдау және оның нәтижелерін жариялау мақсатында Fanta брендінің, Тапсырыс берушінің және/немесе Ұйымдастырушының ресми аккаунттарында қайта жариялау мүмкіндігімен келіседі.

12.3. Бұл фотосуретке деген ерекше авторлық құқық Ұйымдастырушыға немесе Тапсырыс берушіге өтті деген сөз емес.

12.4. Байқауға ұсынылған фотосуретті осы Акцияны өткізумен және ақпараттық қолдаумен тікелей байланысты емес тәуелсіз жарнамалық науқан үшін пайдалану барысы қажетті заңды негіздер мен келісімдер болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

13. ДИСКВАЛИФИКАЦИЯ ҮШІН НЕГІЗ БОЛАТЫН ЖАҒДАЙЛАР

13.1. Ұйымдастырушы Қатысушыны төмендегідей жағдайларда Акциядан шеттетуге құқылы:

- қатысудың міндетті шарттарының кез келгенін орындамаған жағдайда;
- Instagram профилі жабық болып, тексеруге кедергі келтірген жағдайда;
- байқауға ұсынылған жазба өшірілген, мұрағатталған немесе жасырылған болса;
- міндетті хештег қойылмаған жағдайда;
- дұрыс емес хештег қолданылған болса;
- фотосурет Fanta Park Локацияларына сәйкес емес екендігі анықталған жағдайда;
- жазба белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін жарияланса;
- бір жеке тұлға бірнеше Instagram аккаунтын пайдаланып қатысқан болса;
- боттар, жалған аккаунттар немесе автоматтандырылған құралдар пайдаланылған болса;
- нәтижелерді бұрмалап, манипуляциялау талпыныстары болған жағдайда;
- жалған ақпарат ұсынылған болса;
- Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға жол берілсе;
- үшінші тұлғалардың құқықтары бұзылған болса;
- шарттардың орындалуын немесе Жүлдені табыстаудың заңды жолмен рәсімделуін тексеру үшін қажетті деректерді беруден бас тарту жағдайлары орын алса.

13.2. Егер заңбұзушылық фактілері әлеуетті Жеңімпазды алдын ала анықтау шарасынан кейін белгілі болса, онда Ұйымдастырушы тиісті нәтижені жойып, резервтегі әлеуетті Жеңімпазға көшуге құқылы.

14. ЖАУАПКЕРШІЛІК

14.1. Ұйымдастырушы өзінің саналы бақылауынан тыс жағдайлар үшін жауапкершілік жүктемейді, оның ішінде:

- Instagram жұмысындағы техникалық ақаулар үшін;
- Instagram-ға қол жеткізу мүмкіндігі уақытша болмаған жағдайларда;
- Instagram әкімшілігі Қатысушының аккаунтын бұғаттап тастаған немесе шектеген жағдайлар үшін;
- жабық парақшаға қол жеткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда;
- Қатысушы хештег қолдануда қате жіберген жағдайда;
- жазба өшірілген, мұрағатталған немесе жасырылған жағдайда;
- Интернет байланысында проблемалар туындаған жағдайда;
- Ұйымдастырушыға қатысы жоқ себептерге орай әлеуетті Жеңімпазбен байланысу мүмкіндігі болмаған жағдайда;
- Қатысушы тиісті деректер мен құжаттарды ұсынбаған немесе дер кезінде ұсынбаған жағдайларда.

14.2. Жеңімпаз алған Жүлдесін әрі қарай қолдану барысында өнімді пайдалану ережелерін, нұсқаулықтарын немесе өнімді мақсатына сай қолдану талаптарын ескермеген не бұзған болса, Ұйымдастырушы бұл үшін жауапкершілік жүктемейді.

14.3. Жүлделерге кепілдік қызмет көрсету мәселелері тиісті өнімді өндірушінің және/немесе сатушының қолданыстағы шарттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

15. INSTAGRAM ЖӘНЕ META

15.1. Осы Акцияға Instagram және/немесе Meta Platforms тарапынан ешқандай демушілік, қолдау көрсетілмейді және әкімшілік жүргізілмейді, осы Акцияның олармен еш байланысы жоқ, тек Instagram әлеуметтік желісі байқау жазбаларын жариялауға арналған платформа ретінде ғана пайдаланылып отыр.

15.2. Instagram және Meta Platforms Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші немесе осы Акцияның серіктесі емес және олар Акцияны өткізу, Жеңімпаздарды анықтау, Жүлделерді табыстау шараларына жауап бермейді.

15.3. Акцияны өткізуге тікелей қатысы бар барлық сұрақтар мен шағымдар Instagram немесе Meta платформаларына емес, Ұйымдастырушыға жолдануы керек.

15.4. Instagram-ның пайдалану ережелерін сақтап, орындау үшін Қатысушы толық өзі жауап береді.

16. АКЦИЯЛАР ШАРТТАРЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ

16.1. Тапсырыс берушімен келісім бойынша Ұйымдастырушының осы Ережелерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес біржақты тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқы бар.

16.2. Акция шарттарына енгізілген елеулі өзгерістер туралы ақпарат Қатысушыларға осы Ережелерді жариялау әдісіне ұқсас жолдармен жеткізіледі.

16.3. Өзгерістер жарияланған сәттен күшіне енеді, егер өзгерістер енгізілген сәтте қандай да бір нақты мерзім көрсетілмеген болса.

16.4. Өзгерістер Қатысушыны Жүлдені алу туралы расталған құқығынан негізсіз айырмауы тиіс.

17. ФОРС-МАЖОР

17.1. Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер мұндай жағдайлар олардың бақылауынан тыс форс-мажорлармен байланысты болса.

17.2. Мұндай форс-мажорларға төтенше жағдайлар, табиғи апаттар, өрттер, әскери әрекеттер, жаппай тәртіпсіздіктер, мемлекеттік органдардың шешімдері, нысандардың жабылуы немесе шектеулері, заңнамадағы елеулі өзгерістер және форс-мажордың қандай да бір басқа жағдайлары кіруі мүмкін.

18. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

18.1. Акцияны өткізуге қатысты туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер, мүмкіндігінше, келіссөздер арқылы шешіледі.

18.2. Дауды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, кез келген дау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

18.3. Тапсырыс беруші, Ұйымдастырушы және Қатысушылар осы Ережелерде тікелей көзделмеген барлық мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

19. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

19.1. Осы ережелер «FANTA PARK» жарнама науқанының ресми ережелері болып табылады.

19.2. Ұйымдастырушы әлеуетті Жеңімпаздарды кездейсоқ таңдау алдында да, одан кейін де осы Ережелердің шарттарының сақталуын тексеруге құқылы.

19.3. Қатысушының рандомайзер арқылы таңдалу фактісі – Ұйымдастырушы тексеру шараларын аяқтағанға дейін оған **әлеуетті Жеңімпаз** мәртебесі берілгенін ғана көрсетеді.

19.4. Жеңімпаз мәртебесі осы Ережелердің барлық шарттарының сақталуын тексеру барысы аяқталғаннан кейін ғана расталған болып саналады.

19.5. Егер жүлде тапсырылғанға дейін осы Ережелердің талаптарын бұзу фактілері анықталса, Ұйымдастырушы нәтижені жоюға және резервтегі әлеуетті Жеңімпазға көшуге құқылы.

19.6. Қатысушы тарапынан Акция талаптары толық орындалып, сақталғаны туралы шешімді Ұйымдастырушы осы Ережелерге және объективті түрде расталған қолжетімді деректерге сүйене отырып қабылдайды.

19.7. Акцияға қатыса отырып Қатысушы мыналарды мойындайды:

- осы Ережелермен танысқанын;
- Акцияны өткізу механизмін дұрыс түсінетінін;
- осы Ережелердің шарттарын қабылдайтынын;
- өзі ұсынған ақпараттардың шынайылығын;
- Акцияға өз еркімен қатысып отырғанын.

АКЦИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ШАРТТАРЫ

Акцияға қатысу үшін төмендегідей шарттарды орындау қажет:

1. Instagram-дағы fanta.kaz парақшасына жазылу;

2. Fanta Park Локацияларының бірінде фотосурет түсіру:

Алматыда:

Мекен-жайы: «Арбат» аумағы – Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Жібек Жолы және К. Байсейітова көшелерінің қиылысы.

Астанада:

Мекен-жайы: Астанадағы Мәдениет және Демалыс Саябағы аумағы, Нұра ауданы – Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Тұран көшесі мен Қабанбай Батыр даңғылы аралығындағы саябақ.

Акция өткізілетін күндер: 2026 жылдың 14-і, 15-і, 16-ы, 2-і және 23-і тамызы

Өткізу уақыты: 17:00-ден 23:00-ге дейін

3. Қатысушы 2026 жылдың 23 тамызында сағат 23:59-дан кешіктірмей өзінің ашық Instagram парақшасында фотосуреттер жариялауы керек.

Міндетті түрде төмендегі хештегтер көрстілуі тиіс:

Алматыда – #FANTA_ALA

Астанада – #FANTA_AST

ҰТЫС

2026 жылдың 24 тамызында Астана уақыты бойынша 16:00-де өтеді

Әлеуетті Жеңімпаздар Акцияның барлық шарттарын орындаған Қатысушылар арасында электрондық рандомайзер қолдану арқылы кездейсоқ таңдалады.

Кездейсоқ таңдаудан кейін Ұйымдастырушы әлеуетті Жеңімпаздың осы Ережелердің барлық шарттарын толық орындағанын тексереді.

ЖҮЛДЕЛЕР

1-орын – ASUS TUF Gaming ойын ноутбугы

2-орын – PlayStation 5

3-орын – Logitech G PRO X 2 ойынға арналған құлаққаптар

Қатысу шарттарын растау үшін қатысушының Instagram профилі ашық болуы тиіс.

Жарнамалық материалдардағы сыйлықтардың суреттері тек иллюстрациялық мақсатта берілген. Сыйлықтардың нақты моделі, модификациясы, түсі, конфигурациясы, сыртқы түрі, қаптамасы, техникалық және басқа да сипаттамалары суреттегілерден өзгеше болуы мүмкін.

ҚАТЫСУШЫ АКЦИЯҒА ҚАТЫСА ОТЫРЫП ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕРМЕН ТОЛЫҚ ТАНЫСҚАНЫН, ОЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫН ТОЛЫҚ ТҮСІНГЕНІН ЖӘНЕ АКЦИЯҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫН ТОЛЫҚ ҚАБЫЛДАЙТЫНЫН МОЙЫНДАП РАСТАЙДЫ.